

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже	23 беттің 1-беті

БЕКІТЕМІН
 Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
 Басқарма төрағасы- ректордың
 уақытша қызметін атқарушы
Г.Д. Сүгірбаева
 «13» _____ 2025 ж.





САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЛАУАЗЫМДАРЫНЫҢ БІЛІКТІЛІК СИПАТТАМАЛАРЫ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

СМЖ ОҚПУ Е 6.05-2025

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Келісілді:		
Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор		Исабек Б.Қ.
Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Кудышева А.А.
Стратегиялық даму және менеджмент бөлімі басшысының у.м.а.		Иманбердиева М.Н.
Адами ресурстарды дамыту департаментінің директоры		Мельдешева А.С.

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Өзірлеген:		
Адами ресурстарды дамыту департаментінің заңгері		Аманкулова Б.С.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: «13» 01 2025 ж. «12» 01 2028 ж. дейін ұзарғылды: «__» _____ 20__ г.	Енгізілді: № 4/013 бұйрық Енгізілген күні: «13» 01 2025 ж.	СМЖ ОҚПУ Е 6.05-2025 Басылым 2 Тіркеу № 2 Көшірме № 1
--	---	---

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже	23 беттің 2-беті

Мазмұны

1 Қолдану саласы	3
2 Нормативті сілтемелер	3
3 Терминдер мен анықтамалар	3
4 Белгілер мен қысқартулар	4
5 Жауапкершілік пен өкілеттілік	4
6 Процестің сипаттамасы	4
А қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	19

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже	23 беттің 3-беті

1 Қолдану саласы

1.1 Осы Ереже төмендегі жағдайларда негіз болады:

- құрылымдық бөлімдер жөніндегі ережелерді құрастыруда;
- жұмыскерлердің міндеттемелерін, құқықтары мен жауапкершіліктерін бекітетін қызметтік нұсқаулықтарды даярлауда;
- мамандарды іріктеу мен орналастыруда, жауапкершіліктер мен өкілеттіліктердің дұрыстығын бақылауды жүзеге асыруда;
- ОПҚ мен ғылыми жұмыскерлерді лауазымға орналастыру байқауын жүргізуде.

1.2 Осы Ереже университеттің барлық бөлімдеріне міндетті тәртіпте ұсынылуы тиіс.

1.3 Ереже авторлық құқық болып табылады және оны Басқарма төрағасы-ректордың рұқсатынсыз бөгде ұйымдарға беруге жол берілмейді.

2 Нормативті сілтемелер

2.1 Осы Ережеде келесі нормативті құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

ҚР Заңы	«Білім туралы» 27.07.2007ж., №319-III, өзгертулер мен толықтырулары 07.07.2020ж., №361-VI
Ережелер	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы қызметінің үлгілік ережелері. 30.10.2018 ж. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігінің №595 Бұйрығымен бекітілген, өзгертулер мен толықтырулары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 18.05.2020 ж. №207 бұйрығы)
Біліктілік анықтамалығы	Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы. Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 30.12.2020 ж. №553 бұйрығымен бекітілген
СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023	Сапа менеджменті жүйесі. Құжатталған ақпаратты басқару.

3 Терминдер мен анықтамалар

Ережеде ҚР СТ ИСО 9000:2016 анықталған терминдер мен анықтамалар пайдаланылады. Оларға қосымша ретінде осы ережелерде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылған:

Штаттық кесте: Кәсіпорынның құрылымын, мамандықтардың міндетті тізімін, лауазымдарды, кәсіптерді, қызметкерлердің жалпы санын, олардың

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже	23 беттің 4-беті

айлық жалақысының көлемін, оның құрамдас бөліктерін сипаттайтын ішкі құжаты.

4 Белгілер мен қысқартулар

Ережеде келесі белгілер мен қысқартулар пайдаланылған:

КЕАҚ - коммерциялық емес акционерлік қоғам;

ОҚПУ - Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті;

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;

Е – ереже;

ОПҚ – оқытушы-профессорлар құрамы;

СДжМБ – стратегиялық даму және менеджмент бөлімі;

АРДД – Адами ресурстарды дамыту департаменті;

АІД – Академиялық істер департаменті.

5 Жауапкершілігі мен өкілеттілігі

5.1 Ережені ОҚПУ Басқарма төрағасы-ректор бекітеді.

5.2 Осы Ережеде көрсетілген талаптардың енгізілуіне жауапкершілік проректорларға, АМЖД басшысына, АРДД басшысына, факультет декандары мен кафедра меңгерушілеріне жүктеледі.

5.3 Ережені әзірлеу үшін, атап айтқанда оның мазмұны, құрылымы, СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 талаптарына сәйкес ресімдеу, бекіту және енгізу үшін Адами ресурстарды дамыту департаментінің (АРДД) директоры жауапты болады.

5.5 Сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) бөлімдердегі құжаттарының сақталуына, рұқсатсыз көшірмеленуіне, қызметтік ақпараттардың таралуына бөлім басшылары жауапты болады.

5.6 Ережеге өзгерістерді АРДД директоры «Өзгерістерді тіркеу парағына» белгі түсіре отырып енгізеді (**Қосымша А**).

6 Процестің сипаттамасы

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 ОҚПУ ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің лауазымдарының біліктілік сипаттамалары (ары қарай – Біліктілік сипаттамалары) мамандар даярлау сапасын жоғарылату, «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ ғылыми-педагогикалық мамандарды байқау арқылы іріктеуді жетілдіру мақсатында қабылданған.

6.1.2 Әрбір лауазымның біліктілік сипаттамасы үш бөлімнен тұрады: "Қызметтік міндеттемелер", "Білуі тиіс", "Біліктілікке қойылатын талаптар". "Қызметтік міндеттемелер" бөлімінде жұмыскерлердің тиімді

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже	23 беттің 5-беті

мамандандырылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жұмыстардың технологиялық біртектілігі мен өзара байланыстылығын есепке ала отырып, белгілі бір лауазымды иеленген жұмыскерге толығымен немесе жартылай тапсырылуы тиіс негізгі еңбек қызметтері мазмұндалады.

«Білуі тиіс» бөлімінде арнайы білімдерге, сондай-ақ заңды және нормативті құқықтық актілерді білуіне, ережелерді, нұсқаулықтар мен басқа да материалдарды, жұмыскер лауазымдық міндеттемелерін орындау кезінде қолдануы тиіс құралдар мен әдістерді білуіне қатысты қойылатын негізгі талаптардан тұрады.

«Біліктілікке қойылатын талаптарда» жұмыс өтіліне қойылатын талаптар мен қарастырылған міндеттемелерді орындау үшін қажетті ғылыми және педагогикалық жұмыскерлердің кәсіби даярлық деңгейлері анықталған.

6.1.3 Сипаттамалар ішкі ұйымдастырушылық - реттестіруші құжаттар базасын: өндірісті ұйымдастыру ерекшеліктерін, еңбек пен басқаруды есепке ала отырып, ғылыми және педагогикалық қызметкерлердің лауазымдық міндеттемелерінің нақты тізімінен тұратын қызметтік нұсқаулықтарды даярлау үшін негіз ретінде қызмет етеді.

Біліктілік сипаттамаларында ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің әрбіріне сай келетін жұмыс түрлері ұсынылған.

6.2 Біліктілік сипаттамалары

6.2.1 Факультет деканы

Қызметтік міндеттері.

- факультеттің стратегиялық тұрғыда дамуын қарастырады, қызметкерлермен және білім беру басқармасының органдарымен ішкі байланысты нығайтуға және дамытуға;
- факультеттің құрылымдық бөлімдерінде сапа менеджменті жүйесінің талаптарын ендіруге және орындалуын бақылауға;
- нарықтағы білім беру қызметін және факультетте мамандық бағыттары бойынша мамандарды даярлаудағы еңбек нарығын меңгеруге;
- факультеттің оқу, тәрбие және ғылыми жұмыстарына басшылық етуге;
- іс-тәжірибеде кәсіби білім беру бағдарламаларының, оқу жоспарларының, курстық оқу бағдарламаларының әзірленуі және жүзеге асырылуы бойынша жұмыстарға басшылық етуге;
- оқу-тәрбие процестерінің ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыруға;
- мамандарды сапалы даярлаудың факультет ішкілік жүйесін әзірлеуге;
- Білім алушылардың келісім шарттарын (мемлекеттік білім гранты, ауыл квотасы, ақылы, шартты, Қазақстан қоры) уақытылы толтыру және тіркеу,

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже	23 беттің 6-беті

«Үміт» білім алушыларға қызмет көрсету орталығына актімен өткізу, жұмысын қадағалау, ұйымдастыру және тікелей жауап беру;

- факультеттің кафедра меңгерушілеріне, ұжымына және студенттеріне әкімшілік басшылық жасауға;

- кәсіби бағдар және факультетке қабылдау жұмыстарын ұйымдастыруға және өткізуге;

- оқу сабақтарының, емтихандардың, сынақ кестелерінің құрастырылуына басшылық жасайды және олардың орындалуын бақылауға;

- оқу процесінің, оқу тәжірибелерінің және кәсіби тәжірибелердің ұйымдастырылуын бақылауға;

- студенттердің өзіндік жұмыстарының, сонымен қатар оқытушының басшылығымен орындалатын студенттердің өзіндік жұмыстарын, студенттердің жеке оқу жоспарларының орындалуын бақылауды ұйымдастыруға;

- студенттердің курстан курсқа көшірілулеріне ұсыныс әзірлеуге, студенттердің емтихандық сессияға жіберулерін жүзеге асырауға; курстық емтихандарды мерзімінен бұрын тапсыруға және қайта тапсыруға рұқсат беруге;

- қажетті кезде емтихандарды және сынақтарды қабылдау бойынша комиссия құруға;

- студенттерді мемлекеттік емтихандарды тапсыруға, дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғауға рұқсат беруге;

- бітірушілердің қорытынды аттестацияларын өткізу бойынша факультеттің мемлекеттік аттестациялық комиссиясының құрамына, сонымен қатар факультеттің қабылдау комиссиясының құрамына кіруге;

- студенттерді есепке қосуға, шығаруға және қайта қалпына келтіруге ұсыныс беруге;

- білім беру ұйымдарында білім алушылардың жеке санаттарына мемлекеттік төлемақы төлеу Ережесіне сәйкес факультет студенттеріне төлемақы тағайындау үшін ұсыныстар даярлауға;

- кафедраларда, зертханаларда, ғылыми студенттік үйірмелерде, ғылыми студенттік қоғамдарда студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жалпы басшылық жасауды жүзеге асыруға;

- факультеттің бітірушілерімен байланысты ұйымдастыруға; факультеттен шығарылатын мамандардың даярлау сапасын меңгеруге;

- факультет студенттерінің жұмыспен қамтылуына басшылық етуге;

- оқу процесіне оқу барысындағы түрлі қызметтер мен оқытудың интенсивтігіне негізделген жоспарлар мен бағдарламалар негізінде дифференциалды және жеке дайындықтың ендірілуін қамтамасыз етуге;

- факультет құрамына кіретін бөлімдердің оқу және ғылыми жұмыстарын үйлестіруді жүзеге асыруға;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже	23 беттің 7-беті

- факультеттегі кадрлық саясатты анықтауға;
 - кафедра меңгерушілерімен бірлесе отырып оқытушы-профессорлар құрамын, ғылыми және оқудағы қосалқы қызметкерлерді іріктейді. Декан орынбасарлары ретінде тағайындауға үміткерлерді университеттің Басқарма төрағасы - ректорға ұсынуға және олардың өзара міндеттерін бөлуге;
 - ЖОО-дағы халықаралық оқу және ғылыми жұмыстарын ұйымдастырады, бақылауға және қатысуға;
 - факультет кеңесінің жұмысына басшылық етеді (факультеттің жұмыс жоспарының жобасын даярлайды, факультет кеңесінің мәжілісіне басшылық етеді және оған төрағалық етеді, білім беру саласында факультеттің бағыттар мен бейінділігі бойынша жоғары білім бар мамандардың біліктіліктерін жоғарлатуды ұйымдастырады, факультет құрамына кіретін кафедралардың пәндері бойынша оқулықтарды, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды даярлауда жалпы басшылық етуді жүзеге асырады);
 - факультеттің оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстарының басты сұрақтары бойынша факультет кеңесінде, сонымен қатар ЖОО-ның ғылыми кеңесінде өзінің атқарған жұмыстары туралы есеп беруге;
 - факультет кафедраларының және басқа да бөлімдерінің оқу орындарымен, мекемелермен және ұйымдармен ғылыми-әдістемелік бірлестіктерін бақылау жұмыстарын ұйымдастырады және жүзеге асыруға;
 - студенттерді оқытудың мазмұнын, технологиясын және ұйымдастыру түрін жетілдіру мақсатында бір бейіндегі білім беру мекемелерімен, ұйымдарымен байланысты қамтамасыз етуге;
 - оқытудың инновациялық технологияларын ұйымдастырады және ендіреді, оқытудың техникалық құралдарын қолдануды жүзеге асырады, факультеттің материалдық-техникалық базасын нығайту және дамыту жұмыстарын жүргізуге;
 - оқу процесін дамыту және студенттердің даярлық сапасын жетілдіру төңіріндегі мәселелерді факультет кеңесінде қарастыруға шығаруға;
 - кафедра студенттері мен қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігі, өндірістегі тазалықты сақтау және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауын бақылайды (еңбек қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі ережелерін орындайды);
- Факультет деканы бекітеді:*
- білім беру бағдарламаларын;
 - оқыту курсы бойынша оқу жоспарын;
 - мамандықтың оқу жоспары;
 - оқыту курсы бойынша мамандықтың оқу жоспары;
 - пәндік (силлабусы) бағдарламаларының жұмыс жоспары;
 - пәндік элективтік каталогтарды;
 - студенттердің жеке оқу жоспарын.

	<p align="center">«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ</p>	
	<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже</p>	<p align="center">23 беттің 8-беті</p>

Білуі тиіс: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдарын, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңын, «Әскери міндеттілер мен шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығын, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығын және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің бұйрықтарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын;

- университет Жарғысы мен университеттің ішкі актілеріне (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулық, университеттің академиялық саясаты, еңбек тәртіптемесінің қағидаларын) сәйкес нормаларын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын; университеттің сапа менеджменті жүйесі құжаттарының талаптарын; еңбек тәртіптемесінің қағидаларын;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарының» санитариялық қағидаларын ұстануы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, PhD доктор (философия докторы) академиялық дәрежесінің болуы, білім беру ұйымдарында басшылық ету қызметінде немесе мамандығы бойынша еңбек өтілі кемінде 5 жыл болуы тиіс.

6.2.4 Декан орынбасары

Қызметтік міндеттері:

- факультет деканының орынбасары ОҚПУ-дің СМЖ құжаттарымен, сапа саласындағы Саясатымен және Мақсаттарымен танысуы тиіс.

- факультеттің оқу-әдістемелік және басқа да құжаттарын әзірлеу және жетілдіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға;

- студенттердің ағымдағы оқу, тәрбиелік, ғылыми, өндірістік жұмыстарына және іс-тәжірибелеріне басшылық етуге;

- оқу сабақтары, сынақ және емтихан кестелерінің құрастырылуына бақылауды қамтамасыз етуге;

	<p align="center">«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ</p>	
	<p align="center">Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже</p>	<p align="center">23 беттің 9-беті</p>

- студенттердің ағымдағы үлгерімдері мен сабаққа қатысуларына бақылауды жүзеге асыруға;

- факультеттің профессор-оқытушылар құрамының оқу және оқу-әдістемелік жүктемелерінің орындалуын, дәрістер, зертханалық және тәжірибелік сабақтардың, семинарлар мен басқа да сабақ түрлерінің, оқу және өндірістік іс-тәжірибелердің өтілуін бақылауға;

-барлық оқу сабақтарын жүргізеді, курстық және диплом жобаларына, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен магистрант, PhD докторлардың диссертацияларына жетекшілік етуге;

- ғылыми-зерттеу жұмыстарының болашақ даму жоспарын ұйымдастырады, факультеттің негізгі ғылыми жұмыстарының бағыттары бойынша ғылыми-зерттеудің өткізілуін бақылауға;

- ғылыми, ғылыми-әдістемелік кеңестерді, семинарлар мен конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге;

- кафедрада, ғылыми үйірмелерде және ғылыми қоғамда өтілетін студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын бақылауға;

- факультет қызметкерлерінің оқу-әдістемелік, ғылыми еңбектерін баспаға шығаруға ұсынуға;

- топ кураторларының жұмысын ұйымдастыруға және бақылауға;

- еңбек қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі бойынша заңнамалар мен басқа да құқықтық-нормативтік акті талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге және еңбек қауіпсіздігін орнатуға;

- белгіленген мерзім аралығында факультет жұмысы туралы есепті жоғары оқу орынының басшылығына ұсынуға.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын; «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңын, «Әскери міндеттілер мен шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығын, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығын және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің бұйрықтарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын;

- университет Жарғысы мен университеттің ішкі актілеріне (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулық, университеттің академиялық саясаты, еңбек тәртіптемесінің қағидаларын)

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже	23 беттің 10-беті

сәйкес нормаларын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын; университеттің сапа менеджменті жүйесі құжаттарының талаптарын; еңбек тәртіптемесінің қағидаларын;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарының» санитариялық қағидаларын ұстануы тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар және мамандығы бойынша еңбек өтілі кемінде 1 жыл болуы тиіс.

6.2.5 Кафедра меңгерушісі

Қызметтік міндеттері:

- СМЖ құжаттарының талаптарына сай білім беру қызметі мен үдерістердің сапалылығын қамтамасыз етуге;

- кафедрада СМЖ-нің қызмет етуін қамтамасыз етуге:

а) нормативті құжаттарды жүйелі тексеруді және актуалдауды ұйымдастыруға, сонымен қатар, кафедрадағы үдерістер мен білім беру қызметінің сапасы туралы жазбаларды және құжаттарды басқаруға;

б) құрылымдағы қызметкерлер мен үдерістерді басқаруға арналған нормативті құжаттарды енгізуді ұйымдастыруға,

в) құрылым жұмысына қатысты арыздарды қарастыру мен есеп жүргізуді ұйымдастыруға;

г) сәйкессіздіктерді жою және алдын алуға арналған түзету және алдын алу іс-әрекеттерін жүзеге асыруға;

д) кафедраға қажетті білікті қызметкерлерді қабылдауға және оларды даярлауға;

- кафедраның мамандар даярлау бағыттары мен мамандықтары бойынша даму стратегиясын жасайды, жұмыс берушілермен, білім беруді басқару органдарымен сыртқы байланыстарды нығайту және дамытуға;

- білім беру бағдарламаларының мазмұнын білім алушылардың жоғары деңгейде меңгерулерін қамтамасыз етуге және студенттерді білімнің барлық бағалаулары бойынша дайындауға;

- оқытудың барлық түрлері бойынша барлық оқу сабақтарының түрлерін өткізуді ұйымдастыруға;

- кафедрадағы пәндер бойынша оқу бағдарламаларын бекітілген тәртіппен құрастыруға және бекітуге ұсынуға;

- басқа кафедралармен құрастырылған оқу бағдарламалары бойынша келісім даярлауға;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже	23 беттің 11-беті

- кафедра жоспарын, ОПК-ның жеке жұмыс жоспарларын бекітуге;
- кафедра қызметкерлері арасында педагогикалық жүктемені және қызметтік міндеттерді бөлуді жүзеге асыруға және олардың уақтылы және сапалы орындауларын бақылауға;
- оқу пәндерін өткізу барысында заманауи техникалық құралдарды таңдауды іске асыруға және оларды пайдалануын қамтамасыз етуге;
- кафедра қызметкерлері немесе басқа да тұлғалардың (басқа тараптағы ұйымдардың магистранттары мен докторлары) қорғауға ұсынылатын диссертацияларын қарауға;
- бекітілген жоспарға сәйкес кафедрада ғылыми-іздену жұмыстарын өткізуді ұйымдастыруға;
- біткен ғылыми-іздену жұмыстарын және аталған жұмыстардың нәтижелерін енгізуді талқылауды ұйымдастыруға;
- біткен ғылыми жұмыстарды жариялауға ұсыныстар дайындалуын қамтамасыз етуге;
- оқулықтарды, оқу құралдарын, көрнекіліктерді және басқа да құралдары даярлауды және оларға басшылықты ұйымдастыруға;
- Басқарма мәжілісі тапсырмасы бойынша оқулықтарға, оқу құралдарына және әдістемелік әдебиеттерге қорытынды жасалуын қамтамасыз етуге;
- кафедра қызметкерлерінің оқу, тәрбие, ғылыми, әдістемелік және басқа да жұмыстарының жеке жоспарларында орындалуын бақылауға;
- кафедра ОПК-ның жұмыс тәжірибесін оқып білуге, жалпылауға және таратуға;
- жаңа бастаған оқытушыларға педагогикалық шеберлікті меңгерулері үшін көмек көрсетуді қамтамасыз етуге;
- ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындауға басшылық етуге;
- мамандардың біліктілігін жоғарылату бойынша іс-шараларды өткізуге;
- кафедра қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, босату және ауыстыру бойынша университет басшылығына ұсыныстар жасауға;
- университет басшылығына үздік қызметкерлерді марапаттау туралы, сонымен қатар, еңбектік және оқу тәртібін бұзғаны үшін тәртіптік шаралар қолдану туралы ұсыныстар жасауға;
- келісуге ұсынылған кафедраның бітіруші түлектерінің дипломдық жобаларының (жұмыстарының) тақырыптарын қарауға;
- кафедра құжаттарын құрауды, сақтауды және есеп жүргізуді қамтамасыз етуге;
- кафедра ұжымы алдында жыл сайын өзінің қызметі жайлы қорытынды есеп беруге;
- ғылыми-әдістемелік көмек көрсету мақсатында басқа білім беру мекемелерімен, кәсіпорындармен және басқа да ұйымдармен байланыс орнатуға;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже	23 беттің 12-беті

- кафедраға бекілген құрал-жабдықтарды, сондай-ақ оқу және өндірістік орындардың сақталуын қамтамасыз етуге;

- қызметтік тапсырыс аясында орындалған оқулықтарды, монографияларды, оқу құралдарын, патенттерді, әдістемелік нұсқауларды, жұмыс бағдарламалары мен басқа да әдістемелік құралдарды университет меншігіне ұсыну;

- университет әкімшілігінің келісімінсіз жұмыс уақытында алынған ғылыми-техникалық, коммерциялық және басқа да конфиденциальды қызметтік ақпараттарды еңбектік келісім-шарттың әрекет ету барысында және оның тоқтауынан кейін екі жыл мерзімінде жария етпеу;

- кафедра қызметіне байланысты жаңалықтары мен жарияланымдарды тұрақты түрде орналастыруға және университет сайтына жүйелі жаңартып тұруға;

- «Платонус» автоматтандырылған ақпараттық жүйеде бағдарламалық және техникалық қызмет көрсету кешеніне мәліметтерді толтыруға.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңдарын; «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңын, «Әскери міндеттілер мен шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығын, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығын және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің бұйрықтарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын;

- университет Жарғысы мен университеттің ішкі актілеріне (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулық, университеттің академиялық саясаты, еңбек тәртіптемесінің қағидаларын) сәйкес нормаларын; еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өртке қарсы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын; университеттің сапа менеджменті жүйесі құжаттарының талаптарын; еңбек тәртіптемесінің қағидаларын;

- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарының» санитариялық қағидаларын ұстануы тиіс.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КеАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті ғылыми-педагогикалық қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары туралы ереже	23 беттің 13-беті

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары білімі немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, PhD доктор (философия докторы) академиялық дәрежесі және педагогикалық немесе басшылық қызметте кемінде 5 жыл еңбек өтілі болуы тиіс.

6.2.6 Профессор

Қызметтік міндеттемелері:

- сапа менеджменті жүйесінің міндеттері мен талаптарын орындауға;
- мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес студенттерді оқытуға;
- өзінің пәні бойынша оқытушылардың практикалық және зертханалық сабақтарына жетекшілік етуге, оларға әдістемелік көмек көрсетуге, оқытушылардың студенттерге сабақ беру сапасын қадағалауға;
